



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

29.11.2022 ж.

Форт-Шевченко қаласы

№ 232

город Форт-Шевченко

Жер учаскесін жеке меншікке немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттыққа (аукционға, конкурстарға) шығарылатын жер учаскелерінің тізімін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды), оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Түпқараған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған жер учаскесін жеке меншікке немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттыққа (аукционға, конкурстарға) шығарылатын жер учаскелерінің тізімі белгіленсін.

2. «Түпқараған аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі жер учаскелерін жеке меншікке, жер учаскелерінің жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықтың ұйымдастырылуын және өткізілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау Түпқараған ауданы әкімінің жер саласы бойынша жауапты орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі



Р. Елтизаров